

БЕКІТЕМІН

ШҚО білім басқармасы

Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Меңгерушісі Н.К. Кудабасева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

2023–2026 жылдарға арналған

Педагогикалық әдеп қағидалары:

Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары:

1) Адалдық: педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) Әділдік: педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) Жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу: педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;

4) Патриотизм: педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.

5) Жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік: Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды. Педагог балабақша ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етеді;

6) Кәсіби ынтымақтастық: педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Қандай да бір нысанда өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді.

7) Үздіксіз кәсіби даму: педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары:

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар білім беру ұйымдарының жанындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды анықтайды. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес

педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарастырады.

Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

Кеңестің негізгі міндеттері:

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кеңес өз құзыреті шегінде:

1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;

2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;

3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;

4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;

5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;

7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;

8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Кеңес қызметін ұйымдастыру

1. Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

2. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кеңес хатшысын есептемегенде).

Кеңеске келесі тұлғалар кіреді:

1) білім басқармаларының (бөлімдерінің) өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын кәсіподақтардың және (немесе) үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;

2) кемінде екі педагог;

3) құрметті демалысқа шыққан педагогтер.

Білім беру ұйымының басшысы, білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлері, осы білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлеріне жол беріледі.

Педагогке қатысты істі қарау:

1) еңбекке уақытша жарамсыздық;

2) демалыста немесе іссапарда болған;

3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;

4) даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

Қорытынды ережелер

1. Осы ереже педагогикалық кеңесте қаралып, меңгерушінің бұйрығымен бекітіледі.

2. Ереже **2023–2026** жылдар аралығында қолданылады.

3. Қажет болған жағдайда ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Педагогикалық кеңесте қаралды

№ 1 хаттама

« 06 » 09 2023 ж.

Шығыс Қазақстан облысы
Білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің
«КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ
БАЛАБАҚШАСЫ»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны



«Коммунальное государственное
казенное предприятие
«ДЕТСКИЙ САД СЕЛА
КУРЧУМ» отдела образования
по Курчумскому району
управления образования
Восточна-Казахстанской
области»

БҰЙРЫҚ

«09» қыркүйек 2025 жыл
Күршім ауылы

ПРИКАЗ

№58/1
с.Курчум

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерін бекіту туралы

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрыққа қосымша негізінде төмендегі құрамда педагогикалық әдеп мүшелері бекітілсін.

1. Білім бөлімінің әдіскері – А.Джакуперова
 2. Үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдері – Тілейбек С
 3. Тәрбиеші, кәсіподақ мүшесі – А.Қондыбаева
 4. Тәрбиеші – Л.Тукушова
 5. Тәрбиеші – А. Калигожина
 6. Зейнеткер тәрбиеші – Г.Курмангалиева
 7. Зейнеткер тәрбиеші – Т.Кайшентаева
- Хатшы – Г.Бердаулетова

2. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылсын және объективтілік пен әділдік қағидаттарын басшылыққа алынсын.

3. Мүдделі тұлғаларды осы бұйрықпен таныстыру іс қағазын жүргізуші И.Жумагалиеваға жүктелсін.

«Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорынның меңгерушісі:

Кудыбаева

Кудыбаева Н.К




БЕКІТЕМІН 
ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
меңгерушісі Н.К Кудабаетова

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамын бекіту 2. Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру; 3.2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту 4.Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларымен танысуын ұйымдастыру	Қыркүйек	Төрайым Кеңес мүшелері Педагогтар
2	1.Ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу 2.Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін талқылау 3. Педагогтердің әлеуметтік желідегі әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру І жартыжылдық бойынша педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына талдау жасау	Желтоқсан	Төрайым Кеңес мүшелері Педагогтар Психолог

3	1.Педагогикалық ұжым арасында әдеп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру 2.Педагогтердің қызметтік әдебі мен сөйлеу мәдениеті бойынша кеңес өткізу 3.Педагогтердің кәсіби имиджі мен мінез-құлық мәдениетін талқылау	Наурыз	Төрайым Кеңес мүшелері Педагогтар
4	1.2025-2026 оқу жылындағы Кеңес қызметінің қорытындысы» педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы 2.Оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысын қорытындылау 3.МДҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау.	Мамыр	Төрайым Кеңес мүшелері Педагогтар

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің

«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

09 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 14 адам.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамын бекіту
2. Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру;
3. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
4. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларымен танысуын ұйымдастыру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2024-2025 оқу жылына Кеңес құрамы таныстырылды. Кеңес төрайымы Күршім аудандық білім бөлімінің әдіскері А.С Джакуперова, хатшы балабақшада уақытша әдіскер міндетін атқарушы Г.Бердаулетова ұсынылды.

2. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелді.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесін бекіту, жұмыс жоспарын бекіту. Бүгінгі кеңеске қатысушылар өздеріңізге Педагогикалық әдеп

жөніндегі кеңестің 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын ұсынынамын. Балабақша меңгерушісімен бекітіп назарға алсаңыздар.

4. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады.

4) патриотизм: педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік:

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

6) кәсіби ынтымақтастық: педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Қандай да бір нысанда өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға жәрдем көрсетеді, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

7) үздіксіз кәсіби даму:

педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Кеңес шешімі:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК педагогикалық әдеп кеңесінің 2025-2026 оқу жылына назарға алынсын.
2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын басшылыққа алу

Кеңес төрайымы: *Aizel* А.С Джакуперова

Хатшы: *Бердаулетова* Г.К Бердаулетова

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

23 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: 10 адам.

Күн тәртібінде:

1. Ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу
2. Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін талқылау
3. Педагогтердің әлеуметтік желідегі әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру. І жартыжылдық бойынша педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына талдау жасау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК психологі А.Б Далабай «Ұжымдағы менің орным қандай?» атты педагогтармен Арт терапия өткізді. Берілген тапсырма негізінде ойланып, қиялдап сурет ретінде түсіру. Өз әсерлерімен бөлісіп, жақсы атмосфера сыйлай білді.
2. Балабақша әдіскері Г.Бердаулетова Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін арттыру мақсатында жылдық жоспарға сай шаралар ұйымдастырылған. Мамандар тарапынан қолдау, сұрақтарына жауап алуға жағдай жасалған.
3. Педагогтердің әлеуметтік желідегі әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру. І жартыжылдық бойынша педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына талдау жасау бойынша тұрақты. Шағым-өтініштер орын алмады. Педагогтар тарапынан әдеп нормалары сақталған.

Кеңес шешімі:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК педагогикалық әдеп нормаларын сақтау назарға алыну
2. Кеңес мүшелері ата-аналар жиналысына қатысу

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.С. Джакуперова
Г.К. Бердаулетова

А.С Джакуперова

Г.К Бердаулетова

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

05 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 21 адам.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық ұжым арасында әдеп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру
2. Педагогтердің қызметтік әдебі мен сөйлеу мәдениеті бойынша кеңес өткізу
3. Педагогтердің кәсіби имиджі мен мінез-құлық мәдениетін талқылау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК әдіскері Г.К Бердаулетова

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) адалдық;
- 2) әділдік;
- 3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
- 4) патриотизм;
- 5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік;
- 6) кәсіби ынтымақтастық;

педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

- 7) үздіксіз кәсіби даму:

Педагогикалық ұжым арасында әдеп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізілуде. Педагогтар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2. Педагогтердің қызметтік әдебі мен сөйлеу мәдениеті бойынша кеңес өткізу Педагогтердің қызметтік әдебі мен сөйлеу мәдениеті туралы мәселе қаралды. Кеңес барысында педагогтердің қызметтік қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтау, ата-аналармен және әріптестермен мәдениетті сөйлесу, ресми этиканы ұстану қажеттілігі айтылды. Педагогтің сөйлеу мәдениеті оның кәсіби беделінің маңызды көрсеткіші екені түсіндірілді.

Әдіскер: педагогтердің сөйлеу барысында сыпайылық, сауатты тіл қолдану, дауыс ырғағын сақтау, жанжал жағдайларын болдырмау мәселелеріне тоқталды. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау қажеттігін атап өтті.

3. Педагогтердің кәсіби имиджі мен мінез-құлық мәдениеті мәселесі қаралды. Кеңесте педагогтің сыртқы келбеті, өзін ұстау мәдениеті, ұжымдағы және ата-аналармен қарым-қатынастағы әдеби білім беру ұйымының беделіне әсер ететіні айтылды. Кеңес мүшелері педагогтердің кәсіби этиканы сақтау, жұмыс барысында сабырлылық таныту, балалармен қарым-қатынаста мейірімділік пен төзімділік көрсету қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

Педагогтер кәсіби имидж бен мінез-құлық мәдениетін сақтасын.

Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау тұрақты бақылауда болсын.

Кеңес шешімі:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК Педагогтер кәсіби имидж бен мінез-құлық мәдениетін сақтасын.
2. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогтер қызметтік әдеп нормаларын қатаң сақтасын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.С Джакуперова

Г.К Бердаулетова

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**

22 мамыр 2026 жыл
Қатысқандар: 8 адам.

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылындағы Кеңес қызметінің қорытындысы» педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы
2. Оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысын қорытындылау
3. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау.

Тыңдалды:



1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2025-2026 оқу жылының қорытындысына тоқталды. Аталмыш 2025-2026 оқу жылы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырыстары жоспарға сай өткізілді. Жыл бойынша ешқандай әдеп бұзушылық бойынша өтініштер түспеді. Келесі оқу жылына сіздерге сәттілік тілеймін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша МДҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау сұрағына ешқандай өтініштер түспегенін хатшы атап өтті.

Кеңес шешімі:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК педагогикалық әдеп кеңесінің Құрамы өз жұмысын аяқтасын.
2. Келесі жылға құрам өзгерісі 2026 -2027 оқу жылында қарастырылсын

Кеңес төрайымы:
Хатшы:

А.С Джакуперова
Г.К Бердаулетова